"Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің "Вальдорф бағытындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Коммунальное государственное учреждение "Школа-гимназия вальдорфской ориентации" отдела образования города Уральск управления образования акимата Западно-Казахстанской области"

№ 1

«15»_қазан_2025 ж. **«15» октября 2025 г.**

ШЕШІМ

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы Орал қаласының білім беру бөлімінің Вальдорф бағытын ұстанатын мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 15388991-1 конкурсы бойынша 80272536-КППТСОПО1 – тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды (тауық филесі) сатып алу конкурсы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 592–595-тармақтарына сәйкес

Шешім қабылданды:

1.«ИП Дана» жеткізушісінің шағымын қанағаттандырудан бас тартылсын, келесі негіздер бойынша:

– Конкурстық өтінім құрамында келесі құжаттар ұсынылды: көлік құралдарын жалға алу шарты; бөлек файлмен – көліктің меншік құқығын растайтын құжаттар. . Атап айтқанда: техникалық төлқұжат, эпидемиологиялық маңызы аз объектінің қызметінің басталуы және тоқтатылуы туралы хабарлама.

Аталған құжаттардың бөлек файлдар түрінде ұсынылуы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптарына қайшы келмейді. Атап айтқанда, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 25-бабының 1-тармағына сәйкес, сатып алуға қатысушы электрондық форматта өтінім беріп, біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын қажетті құжаттарды қоса тіркейді. Заңда файлдар санына немесе олардың топтастырылу формасына шектеу белгіленбеген. Аталған Заңның 39-бабының 3-тармағына сәйкес, қатысушының өтінімі егер онда талап етілетін барлық мәліметтер мен құжаттар болса, тиісті деп танылады. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 7-тармағына (ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №1181 қаулысымен бекітілген) сәйкес, қатысушы қажетті ресурстардың (оның ішінде көлік құралдарының – жалға алынған немесе меншікті) бар екендігін растайтын кез келген құжаттар мен файлдарды ұсынуға құқылы.Осыған байланысты, жалға алынған көліктер туралы құжаттар мен меншік құқығындағы көлікке қатысты құжаттардың бөлек ұсынылуы заңды және сатып алу құжаттамасының талаптарын бұзу болып табылмайды.

2.«ИП Дана» жеткізушісінің шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

3.Шағымдар бойынша жауапты тұлға мемлекеттік сатып алу веб-порталында заңнамада белгіленген мерзімде тиісті әрекеттерді жүзеге асырсын.

4.Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Шешіммен келіскендер:

Шағымдар бойынша орындаушы:

_____ / Капешова О.Е.

Директор: **Юшина Л.Ю.**